

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 288 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облысының әкіміне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 2003 жылғы шілдеде болған су тасқынынан бүлінген көпірлерді, автожолдарды және басқа да құрылыстарды жөндеуге және қалпына келтіруге 200000000 (екі жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы облысының әкімі 2004 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*